

"Астанақалалық жолзертханасы" және "Алматықалалық жолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемелерін құру және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 30 маусымдағы № 388 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Астанақалалық жолзертханасы" және "Алматықалалық жолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемелері (бұдан әрі – мекемелер) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті мекемелерге қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласының (аясының) басқару жөніндегі уәкілетті органы болып айқындалсын.

3. Мекемелерді қаржыландыру тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің қаражаты есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) мекемелердің жарғыларын бекітсін және оларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 30 маусымдағы
№ 388 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 28.12.2016 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) № 887 қаулысымен.

2. "Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:

министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелеріндегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

"5. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:" деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"

5	Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	2762
	Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	386
1)	Республикалық микрография ғылыми-зерттеу институты (Орал қаласы)	203
2)	"Қазгеоақпарат" республикалық геологиялық ақпарат орталығы	71
3)	Ақмолажолзертханасы	7
4)	Ақтөбежолзертханасы	7
5)	Алматыжолзертханасы	7
6)	Атыраужолзертханасы	7
7)	Батысжолзертханасы	7
8)	Жамбылжолзертханасы	7
9)	Шығысжолзертханасы	7
10)	Қарағандыжолзертханасы	7
11)	Қызылордажолзертханасы	7
12)	Қостанайжолзертханасы	7
13)	Маңғыстаужолзертханасы	7
14)	Павлодаржолзертханасы	7
15)	Солтүстікжолзертханасы	7
16)	Оңтүстікжолзертханасы	7
17)	Астанақалалықжолзертханасы	7

".
;

3. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 936 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК